ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ»
# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



*№ 4(20) қазан-желтоқсан 2019*
**ISSN 2710-3994**

**Бас редактор:**
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Кырғызстан)*

*Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихыинституты директорының орынбасары. (Казахстан)*

*Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағыЕуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәттәшұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
**Ғылыми редактор:**
Қозыбаева Махаббат Мәліккызы
**Редактор:**
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
**Жауапты хатшы:**
Қоңқабаева Арайлым
**Техникалық хатшы:**
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**
*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт- Петербурге (Россия)*
*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государстваКН МОН РК (Казахстан)*
*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»*
*Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*
*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет (Литва)*
*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
*Таймагамбетов Жакен Кожахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК,Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна
**Научный редактор:**
Козыбаева Махаббат Маликовна
**Редактор:**
Кубеев Рустем Джаулыбайулы
**Ответственный секретарь:**
Конкабаева Арайлым Нурболатовна
**Технический секретарь:**
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member ofGerman Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NationalAcademy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**
Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**
Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**
Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**
Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**
Khumarzakh Altynbek

94(576)(89)

# X-XI Ғ. ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ШЫҒЫС САЯСАТЫ: КОЧО ҰЙҒЫР ИДИҚҰТТЫҒЫМЕН СОҒЫСЫ ЖӘНЕ ХОТАНДЫ ЖАУЛАП АЛУЫ

**Молдабаева Д.Ж.[1], Маратұлы Т.[2]**

[1]Сулейман Демирель ат. университет, Ph.D ассист. проф., Қаскелең қ., Қазақстан.
E-mail: dana.moldabayeva@sdu.edu.kz
[2]4 курс студенті, Қаскелең қ., Қазақстан
E-mail: temmaratuli@gmail.com)

**Аңдатпа.** Мақаланың негізгі мақсаты, алғашқы түрік-ислам мемлекеті болған Қарахандардың Шығыс Түркістан аймағындағы мемлекеттермен орнатқан саяси қатынастарын ашып көрсету. Қарахан мемлекетінің батыс шекарасындағы көршілері Самани (Саманұл-дары), Ғазнауи, Селжұқ, Хорезмшах және Қарақытай мемлекеттерімен арасындағы құдандалық қатынастары, саяси одақтары және соғыстары жайлы деректер мен зерттеулер жеткілікті. Алайда, Қарахандардың шығыс көршілерімен болған саяси байланыстары жайлы ғылыми айналымға түскен зерттеулер саны әлде қайда аз. Қазіргі таңда осы тақырыпқа байланысты деректер мен олардың аудармаларының қолжетімділігі, бұл мәселенің толығырақ зерттелуіне үлкен мүмкіндік беруде.
**Түйін сөздер:** Шығыс Түркістан, Ислам , Қашғар, Кочо Ұйғыр идиқұттығы, Қарахан мемлекеті, Жүсіп Қадыр хан, Әли Арслан-хан

# ВОСТОЧНАЯ ПОЛИТИКА КАРАХАНИДСКОГО ГОСУДАРСТВА В X-XI ВЕКАХ: ВОЙНА С УЙГУРСКИМ ИДИКУТСТВОМ КОЧО И ЗАВОЕВАНИЕ ХОТАНА

**Молдабаева Д.Ж.[1], Маратұлы Т.[2]**

[1]Ph.D ассист. проф.,Университет имени Сулеймана Демиреля,
E-mail: dana.moldabayeva@sdu.edu.kz
[2]студент 4 курса спец.6B020300- История, Университет имени Сулеймана Демиреля,
E-mail: temmaratuli@gmail.com)

**Аннотация.** Основная цель статьи, выявить политические отношения между Караханидами, которые были первыми тюрко-исламским государствам, с государствами в Восточно-Туркестанском регионе. Имеется достаточно данных и исследований о брачных отношениях, политических союзах и войнах с государствами Саманидов, Газневидах, Селджукидах, Хорезмшахов  и Каракитаев, которыми граничили на западе. Тем не менее, гораздо меньше исследований политических связей между Караханитами с их восточными соседями. В настоящее время доступность данных и их перевод позволяют более глубоко исследовать данную проблему.
**Ключевые слова:** Государство Караханидов, Уйгурское идикутсво Кочо, Восточный Туркестан, Кашгар, Хотан, Ислам, Али Арслан-хан, Йусуф Кадир-хан

# THE EASTERN POLICY OF QARAKHANID STATE IN X-XI CENTURİES:THE WARFARE BETWEEN KOCHO KINGDOM OF UYGHURS AND THE INVASION OF KHOTAN

**Moldabayeva D.J.[1], Maratulu T.[2]**

[1]Suleyman Demirel university Kaskelen, Republic of Kazakhstan
E-mail: dana.moldabayeva@sdu.edu.kz
[2]Suleyman Demirel university Kaskelen, Republic of Kazakhstan
E-mail: temmaratuli@gmail.com)

**Abstract.** The main purpose of the article is to identify the political relations between the Qarakhanids, the first Turkic-Islamic state, with states in the East Turkestan region. There is enough researches and studies about political alliances (marriages) and wars with the Samanids, Ghaznavids, Seljukids, Khwarezm-shahs and Karakhitays, which were bordered in the west. However, there are only few researches about the political relations between the Qarakhanids and their eastern neighbors. Nowdays, the availability of the sources(and their translations) allow to thoroughly study this problem.
**Keywords:** Qarakhanids state, Kocho kingdom of uyghurs, East Turkestan, Kashgar, Khotan, Islam, Ali Arslan Khan, Yusuf Kadir Khan.

**Кіріспе**

Қарахан мемлекетінің шығыс және батыс бөліктерінде жүргізген ұтымды саяси әрекеттері оның болашақта Орта Азияда саяси үстемдікке қол жеткізуіне мүмкіндік берген болатын. Осы тұрғыдан алғанда Қарахан мемлекетінің құрылуының алғашқы кезеңіне яғни, IX-X ғасырға тиесілі тарихи деректер мен оқиғалар тізбегінің сараланып, талдануының мағызы зор. Қазіргі кезде ғылыми айналымда жүрген зерттеулердің басым бөлігі олардың батыс көршілерімен әсіресе Самани, Ғазнауи, Селжұқ, Хорезмшах мемлекеттерімен болған қарым-қатынастары туралы болып отыр. Қарахан мемлекетінің шығыс саясатының зерттелуіндегі басты қиыншылықтардың бірі, тарихи дереккөздерінің аздығымен қоса кездесетін мәліметтердің көпшілігінің аңыз іспеттес болып келуінде. Қарахан мемлекетінің шығысындағы ұйғырлармен және Хотанмен болған соғыстары жайлы баяндамастан бұрын, Қарахан мемлекетінде мұсылмандықтың таралып, ислам дінінің орнығуына да тоқтала кеткен жөн.

**Талқылау**

Қарахан тарихының алғашқы кезеңі Жамал Каршидің «әл-Мулхаккат би-с-суррах» аттың еңбегінде анағұлым жақсы баяндалған. Бұл тарихи деректегі оқиғаның басым бөлігі алғашқы қаған Білге Күл Қадыр хан және оның екі ұлы– Базар Арслан хан және Оғұлшақтың атымен байланысты. Омелиан Прицактың айтуына қарағанда Білге Күл Қадыр ханның өлімінен кейін, Базар Арслан хан «ұлы қаған» ретінде Баласағұнда, ал Оғұлшақ «кіші қаған» ретінде Тараз және Қашғар қалаларында билігін жүргізді [1, 287-б.]. Олардың тұсында Қарахан мемлекетінің батыс шекарасындағы көршісі Самани мемлекетімен соғыс қақтығыстары жиілеп, тіпті 893 жылы Самани мемлекетінің билеушісі Исмаил ибн Ахметтің Тараз қаласына жорық жасап, оны басып алғаны мәлім. Осыдан кейін Оғұлшақ өз ордасын Тараздан Қашғарға көшіргенімен, көп ұзамай 907 жылы (кейбір деректерде 903-904 жылдары) Саманилерге қарсы жорыққа аттанып, Таразбен оның айналасындағы басқа аймақтарды да Қарахан билігіне қайта қосып алады [1, 288-290-бб.].

Ұлы қаған Базар Арслан хан қайтыс болғаннан кейін орнына Оғұлшақ билікке келеді. Оғұлшақтың билігі тұсында орын алған тарихи оқиғаларға қатысты жазылып қалдырылған деректер өте аз. Қаған атына бастырылған теңгелер де әлі күнге дейін табылмаған. Жамал Каршидің «әл-Мулхаккат би-с-суррах» аттың еңбегіне қарағанда Оғұлшақ пұтқа табынушы, сол кездегі ислам елшілерінің(миссионер) сөзіне құлақ аспаған, мұсылмандықтан алыс адам ретінде суреттеледі [2, 69-б.]. Бұл сөздерден түрік тайпаларының әлі де болса исламмен тығыз байланысқа түсе қоймағанын, мұсылмандықтың тек Самани мемлекетінің билігіне қарасты болған аймақтарда ғана таралғанын айтуға болады.

Оғұлшақтың тұсында көршілес Самани мемлекетінде ағайынды Исмаил ибн Мансұр мен Насыр ибн Мансұрдың арасында билік үшін талас белес алып, Насыр 304х.ж /916-917 жылы 70 адамымен Қашғарға қашып келеді [3, 70-б.]. Оғұлшақ Қадыр хан тарапынан зор құрметпен қарсы алынған шахзада Насыр, қарахан билеушісіне: «Мен сенің үйіне келдім, отбасынның арасына кірдім, енді мен саған және отбасыңа адал қызмет етемін»-деген сөздер айтады. Оғұлшақ Қадыр хан шахзада Насыр ибн Мансұрды Артұқ (Артудж) аймағының басшылығына тағайындайды. Осы кезден бастап Бұхара мен Самарқаннан сауда керуендерінің келуі жиілеп, сауда қызу жүре бастады. Сауда-саттықтан түскен пайданы Насыр ибн Мансұр жақсы көріну мақсатымен Боғра ханға жіберіп отыратын болған [4, 98-б.]. Осының арқасында екеуінің арасындағы достық-сыйластық артып, Насыр Оғұлшақ Боғра ханға арқа сүйейтін болды. Қағанның сеніміне кірген Насыр ибн Мансұр, қағаннан өз дініне сыйынатын мешіт салуға жер беруін сұрайды. Оғұлшақтың келісімін алған Насыр ибн Мансұр Артұқ қаласында мешіт салдыртады [2, 102-б.].

Деректерде Оғұлшақтың «ұлы қаған» ретінде билікке келуі мен Артұқ қаласында аталмыш мешіттің салынуынан кейін, тарих сахнасына Базар Арслан ханның ұлы Сатұқ Боғра ханның (Сатұқ тегін) шығуы баяндалады. Бұл кезде Сатұқ 12 жаста болатын. Жамал Карши оның өте сұлу, зерек, дана жігіт болғаны туралы жазады. Деректерде Сатұқ тегіннің мұсылмандықты қабылдауы туралы аңыз сипатында түрлі мәліметтер кездеседі. Солардың бірінді: «Бұхарадан келген сауда керуеніне еріп Сатұқ саудамен айналысу мақсатымен Артұқ қаласына аттанады. Осы жерде ол мұсылмандардың түстік намазын көріп, таңданып (ерекше бір сезімге бөленіп) жанындағылармен бірге сол жерде ислам дінін қабылдайды [5, 91-б.]. Зеки Валиди Тоған Сатұқтың ислам дінін қабылдауын 920 жылдың шамасында болғанын айтады [6, 59-б.].

Жамал Каршидің дерегінде келтірілгендей Оғұлшақ Боғра хан пұтқа табынушы болатын. Сатұқтың мұсылман дініне өткені туралы Оғұлшақ өзінің жансыздары арқылы хабардар болып, істің мән-жәйін анықтауды өзінің әйеліне(хатунына) тапсырады. Деректерде Оғұлшақ Боғра ханының хатуны Сатұққа жақтасып, ханның күдігі туралы барлық шындықты оған жеткізгені айтылады. Сатұқты тексеру мақсатымен қаған оған(Сатұққа) пұттарға табыну үшін ғибадатхана салуды бұйырады. Қағанның ниетінен хабардар болған Сатұқ, ғибаттахана құрылысына зор құлшыныспен кіріседі. Осылайша Сатұқ тегін Оғұлшақты өзінің адалдығына сендіреді [2, 103-б.].

Сатұқ тегіннің ашық түрде ханға қарсы әрекетке көшуі жасы 25-ке толғанда аңшылық сылтауымен ордадан шығып, өз адамдарымен Табғаш Балық (Игач Балик) қамалын жаулаудан басталады. Қамалды жаулап алған Сатұқ мұнда үш айға жуық тұрақтап, Оғұлшақ Боғра ханға қарсы әскер жинайды. Оған көмекке Қашғар қаласынан 300 салт атты, Ферғанадан да дін үшін соғысушылар (газилер) келіп қосылады. Олардың саны 1000 жауынгерге жетеді. Атбасыны жаулап алған Сатұқ тегіннің әскер саны 3000-ға жеткеннен кейін ғана Қашғарға шабуыл жасайды [2, 104-б.]. Оғұлшақты биліктен тайдырған Сатұқ тегін, «Сұлтан Боғра хан» атымен өзі таққа отырады. Оның таққа отыруы шамамен 932 жылы болды. Осы жылды кейбір зерттеушілер Қарахан мемлекетінің ресми тарихының басталған уақыты деп есептейді.

Сатұқ Боғра хан Оғұлшақтан билікті алғаннан кейін Қашғар, Яркент және Ақсу жерлерінде ислам дінін таратады. 942 жылдан кейін Баласағұн, Барсхан және Сүябта да ислам діні таралды. Самани жаулап алған Тараз (Талас) қаласы Сатұқ Боғра хан тұсында Қарахан билігіне қайта өтеді. Осылайша елдің батыс бөлігіндегі саяси үстемдігін орнықтырған Сатұқ Бұғра хан, ендігі кезекте назарын шығысындағы көршілес мемлекеттерге аударады. Қарахан мемлекетінің шығыс шекараларында көршілес Кочо Ұйғыр идиқұттығы орналасқан болатын. Батыс Түркістанда ислам дінінің таралғанына қарамастан, Шығыс Түркістанда буддизм әлі де болса басымдылық көрсетуде еді. Кочо Ұйғыр идиқұттығының да діні буддизм болатын. Мемлекеттің басты қалалары болған Куча (Күсен) және Кочо (Тұрфан) буддизмнің ірі орталықтары еді. 948 жылы Сатұқ Боғра хан бұл екі қаланы жаулап алу мақсатымен әскер аттандырады. Қарахан билеушісінің

бұл аймаққа ислам дінін тарату әрекеті екі мемлекет арасында соғыстың шығуына алып келді. Соғыс барысында ұйғырлар Куча, Арамут және Қарашахар сияқты қалаларынан айырылып, өздерінің діндерін сақтап қалу үшін Қарахандардың билігін мойындауға мәжбүр болады. Қарахандардың Ұйғыр мемлекетіне жорықтарының тоқтатылуы 952/953 жылы Әбу Насыр Саманидің өлімімен байланысты. Оның қайтыс болғаны жайлы хабар алған Сатұқ Боғра хан жорығын тоқтатып, орталығы болған Қашғар қаласына оралады. Осыны пайдаланған Кочо Ұйғыр идиқұттығының билеушісі өз иеліктерін қайтару мақсатымен әскери әрекетке көшеді. Осылайша ұйғырларға қарсы жорық 954 жылы қайтадан басталады [3, 148-б7].

Сатұқ Боғра ханның бұл жорығы ұйғырлардың тегеурінді қарсылығына ұшырап, соғыс ұзаққа созылады. Сатұқ Боғра хан осы жорығы барысында ауруға шалдығып, Қашғарға оралғанынан кейін 955-956 жылдары қайтыс болады. Көптеген тарихшылар Әбдүлкәрім Сатұқ Боғра ал-Газиден кейін "ұлы хан" тағына екінші ұлы Байташ Арсланхан (Сүлеймен) отырғанын айтсада, Варис Абдуррахман билікке Байташ Арсланханның (Сүлеймен) келуіне дейін Сатұқ Боғра ханның үлкен ұлы Тоңға (Мұса) Іліктің отырғанын айтады. Бірақ оның билігі ұзаққа созылмай, буддист ұйғырлармен болған шайқаста қаза болады [3, 148-б.].

Сатұқ Боғра ханның өлімінен кейін, кезінде күшпен бағындырылған буддизм, шаманизм және несториандық христиандықты ұстаған халықтар мемлекеттегі жағдайды пайдаланып, Қарахан билігіне қарсы көтеріле бастайды. Билік басына келген Байташ Арсланхан (Сүлеймен) оларды тез арада басып, әкесінің ісін жалғастыруды ойлады. Ортағасырлық тарихшы Ибн әл-Асирдің «әл-Камил фи-т-тарих» атты еңбегінде 960 жылы 200 мың адамның бір күнде ислам дінін қабылдағаны айтылады [7, 460-б.]. Белгілі түрік қарахантанушысы Решат Генч бұлардың яғма, қарлұқ, жікіл және тухси сияқты тек Тәңіріге сенетін түрік тайпалары болғандығын айтады [8, 810-б.].

**Әдістер**

Мақаланы жазу барысында тарихи талдау және тарихи салыстырмалық әдістері негізге алынды. Дереккөздеріндегі мәліметтер мен оқиғалар барысыт талдауда хронологиялық әдіс де қолданылды.

**Нәтижесі**

Қарахан мемлекетіндегі ішкі саяси жағдай тұрақталғаннан кейін, Байташ Арсланхан (Сүлеймен) әкесі Сатұқ Боғра хан тұсында басталған Кочо Ұйғыр идиқұттығын бағындыру және ислам дінін тарату мақсатындағы қасиетті жорығына аттану үшін әскер жинап, Әбу Насыр Мансұрдың ұлы Әбу Фаттахты(Алп текин/текін) екінші қолбасшы етіп сайлайды. Екі қолбасшының бастауымен ілгерілеген қарахандықтардың қалың қолы Кочо Ұйғыр идиқұттығына қарасты Кингит (қазіргі күндегі Қарашахар) қаласын бағындырады. Қарашахарда әскери орталық құрған қарахан әскерлерінің бір бөлігі Арсланхан бастауымен Ұйғыр идиқұттығынының орталығы болған Кочоға, ал Әбу Фаттах қолбасшылығындағы екінші топ Кочо қаласын солтүстіктен қоршау үшін Іле бағытында ілгерілейді. Әбу Фаттах бастауындағы қарахан әскерлері Мыңғлакта ұйғыр әскерлерімен болған шайқас нәтижесінде Кочо Ұйғыр мемлекетінің әскерлері жеңіліске ұшырайды [3, 148-149-бб.]. Мыңғлақта өткен шайқастың барысы жайында толық мәлімет беретін тарихи деректер жоқ дерлік. Махмұт Қашғаридің «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегінде ұйғырларға қарсы жорық туралы: «..біз түн жамылып оларды тұтқиылдан(жан-жағынан) қоршап, аттарының кекілін кесіп, Мыңғлақ тұрғындарын (адамдарын) өлтірдік» деген мәлімет келтіріледі. Диуани лұғат ат-түріктің тағы бір шумағыда "аттардың жалын өріп, жасырынған жауыз(иттерге) ұйғырларға шаба жөнелдік, құстай қаптадық" десе, Әбу Фаттах бастаған қарахан әскерлерінің Іле өзені бойымен жылжыпғ Мыңғлақты алуы жайында

«...қайықпен жүзіп барып, Ілеге жеткеннен кейін Ұйғырларға қарсы аттанып, Мыңғлақ халқын (әскерін) жаулап алдық» деген шумақтар келтіріледі [9, 406, 447, 917-бб.].

Мыңғлақта Әбу Фаттах ұйғыр әскерлерін жеңгеннен кейін, Кочо қаласы қоршауға алынады. Бесбалыққа қашқан Ұйғыр билеушісін өкшелей қуған қарахандық әскерлер Бесбалыққа барар жолда Тәңіртаутың (Тянь-Шань) маңында ұйғыр әскерлері тарапынан құрылған тұзаққа түсіп, жеңіліс табады. Осы шайқаста қарахан әскерлеріне басшылық жасаған Әбу Фаттах (Алп тегін) қайтыс болады. Осы мәселені зерттеушілердің бірі Варис Абдурахман шайқастың өткен жері туралы бұл жердің «Бугда төбесі (Buğda tepesi)» деп аталатынын айтады. Бугда төбесі қазіргі Үрімжі қаласының оңтүстік-шығысында орналасқан Тәңірі тауларының ең биік төбесі [3, 149-150-бб.].

Әбу Фаттах басшылығындағы қарахан әскерінің жеңілісінен кейін Байташ Арсланхан Кочо Ұйғыр идиқұттығының билеушісімен бейбіт келісім орнатуға мәжбүр болады. Келісім бойынша, ұйғырларға Қарашахар және Куча қалалары қайтарылады. Өз кезегінде Кочо Қарахандарға салықтың ұдайы төленіп тұруын және Қарахан билігіне қарсы шықпауға келісімін берді. Екі мемлекет арасындағы осы келісім жасалған уақыттан бастап ұйғыр билеушісі қарахандық Байташ Арсланханға өз тарапынан «Арслан хан» және «Арслан түтік» титулын беріп оны(билігін) мойындайды. Келісім шарттағы бұл жәйттар Қарахан мемлекетінің Бугда төбесінде жеңілгеніне қарамастан, Ұйғыр мемлекетіне ауыр соққы бергені және оған әлі де сескенерлік қауіп төндіріп тұрғандығын көрсетеді. Екіжақты келісімнің орнауынан кейін Байташ Арсланхан орталығы болған Қашғар қаласына оралды. Байташ Арсланханның Кочо Ұйғыр идиқұттығымен жасаған осы келісімі ұзақ уақытқа дейін сақталды.

Келесі мәселе, Қашғардың оңтүстігіндегі Яркент және Хотан қалаларындағы буддист ұйғырлардың көтерілісі. Хотан Б.з.б. ІІ ғасырға жататын деректерге «Йоткан (Йутян)» деген атаумен белгілі болған. Кейіннен бұл аймақ Хотан атауын алды. Бұл аймақ ортағасырларда Орта Азиядағы буддизм діні орныққан маңызды аймақтардың бірі ретінде және ерте заманнан бастап қытай билеушілерінің назарына іліккен болатын. «Худут әл-Аламда» Хотан аймағының Қытай мен Тибет арасында орналасқаны айтылады [10, 61-б.]. Бұның өзі бір жағынан Хотанда буддизмнің тарауына және көптеген ортағасырлық авторлардың оны Қытайдың құрамындағы жер ретінде көрсетуіне негіз болды. Зерттеулер XI ғасырға дейін бұл аймақта Хотан Вижра хандығының билік құрғанын көрсетеді. 960 жылы ислам дінінің мемлекеттік дін ретінде жариалануынан кейін Қашғар қаласында сегіз ғасыр үстемдік құрған буддизмнің орнына ислам діні орнайды [11, 82-б.]. Бұл Хотан билеушілерінің де қарсы әрекетке көшуіне себеп болады. Қашғар қаласындағы будда ілімін уағыздаған қауымға көмек беру мақсатымен Хотан билеушісі қалаға басып кіріп, өзіне қаратады. Алайда олардың қаладағы билігі ұзаққа созылмайды және Қарахандар мемлекеттің батыс бөліктерінен келген әскерлерімен қаланы бес айдан кейін қайта жаулап алады. Бірақ, Қашғар қаласы кейіннен Хотан қожалығына қайта өткенге ұқсайды. Себебі, 971 жылғы Хотаннан қытайдың Сун әулетіне жіберілген елшілігінде мемлекеттің «Қашғарды», яғни Қарахандарды жеңгені айтылады [4, 111-б.]. Қашғар қаласы Хотандықтардың алғашқы шабуылынан бастап, Х ғасырдың 90-жылдарына дейін осы екі мемлекеттің билігіне кезек-кезек өтіп отырды. Қарахан билеушісі Байташ Арсланхан Сүлеймен осындай шайқастардың бірінде қасындағы адамдармен бірге тұтқынға түсіп, қайтыс болады.

Байташ Арсланхан Сүлейменнен кейін Қарахан мемлекетіндегі билік Әбу әл-Хасан Әли Арслан ибн Байташқа өтеді. Қаған Хотанға қарсы жорықтарды әрі қарай жалғастырды. М. А. Штейннің «Ежелгі Хотан» атты еңбегінде осы тұстағы Хотан Вижра хандығының билеушісі Джигал Алхалхал (Джагалу-Халкал Мачин) болғандығын жазады. Хотандық әскерлердің басшысы Чокты Рашид және Нокты Рашид есімді қолбасшылар болды [12, 181-б.]. Бұл қолбасшылардың аттары «Боғра ханның тазкирасында(Tazkiratu-l Bughra)»да айтылады.

